# 2002 жылғы 30 мамырдағы N 248 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 17 қазандағы N 503 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 24 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2025. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 273 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі* N 273 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 4-тармақтан *қараңыз) бұйрығымен* .

------------------------------------

"Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 248 бұйрығын қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 248 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аудиторлыққа кандидаттарды аттестациялауға қойылатын біліктілік талаптарында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудиторлыққа кандидаттар білімнің мынадай салалары бойынша емтихан тапсыру арқылы өз біліктілік деңгейін растауы тиіс:

- азаматтық заңнама;
- қаржылық есеп;
- басқарушылық есеп;
- салық салу;
- қаржылық менеджмент;
- аудит.".

2. Бухгалтерлік және аудит әдіснамасы департаменті белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы бірінші вице-министрі Б.Б.Жәмішевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК